

2022-2023 оқу жылындағы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.
2. Рухани – адамгершілік тәрбиесі.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасы тәрбиесі .
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Тамыз айында жетім, жартылай жетім, күн көрісі төмен, көп балалы отбасы балаларының тізімі жасалынып , әлеуметтік картада тұратын оқушылар анықталынды және «Мектепке жол» акциясына демсуншілер тарту жұмыстары жүргізілді.Қазақстан Республикалық «Отбасы күні» бекітіліп, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Әлеуметтік-педагог Ү.Сапарова «Мейірімді жүрек» атты қамқорлық, қайырымдылық акциясын өткізді. «Қыз тәрбиесіне көңіл бөлсек», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы Н.Әбжан, педагог-психолог П.Исаева, Ү.Жусупова, мектептің медбикесі Ж.Сергулисва және сынып жетекшілермен қыздар және ұлдар , жалпы мектептің ата-аналарының жиналысы өткізілді. 1 қазан дүниежүзілік қарттар күніне орай «Қартарым , аман –сау жүрші» УОС және еңбек ардагерімен кездесу ұйымдастырылды.

Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыру , «Ырыс алды –ынтымақ» қоғамдық форумының «Қарттары көп ел – қазыналы ел» атты жиынының тапсырмасын орындау мақсатында жоғарғы сынып оқушылары арасында құқықтық тәрбиелеу барысында тарих,құқық бірлестігінің жетекшісі Б.Бейсенова мен тарих пән мұғалімі Е.Мұсаевтың ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстандық патриотизм-жарқын болашақтың бастауы» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелге қалалық сот төрағасы, ардагерлер кеңесінің төрағасы , ішкі саясат бөлімінің басшысы, Жастар орталығының басшысы, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары шақырылды. Кездесуге келген қонақтар жастарға үлгі боларлық өздерінің өміржолдарын айта отырып , оларды имандылыққа, мейірімділікке және үлкенді сыйлай білуге, кішіге қамқор бола білуге шақырды.

20-30 қыркүйек Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер күні мерекесіне орай «Тіл –өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» тақырыбымен онкүндік жоспарланған.Кесте бойынша қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі Л.Еркінова «Интернет –кітаптың орнын алмастыра алады ма?» атты пікір талас , шет тілі пән

бірлестігі «Қазақ тілінің тарихы» , тарих, құқық бірлестігі «Жаңа Қазақстандық патриотизм – жарқын болашақтың бастауы» , интернет тәрбиешілерінің бірлестігі «Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде», физика, информатика, математика, химия, биология, өзін-өзі тану бірлестігі «Тіл асыл ойдың бұлағы», кітапханашы Г.Байысбай мен үйірме бірлестік жетекшісі Ж.Есімханова «Ұлттық рухтың темір қазығы -тіл» атты ашық тәрбие сағаттары өтілді. Еңбек, денешынықтыру, ән, АӨД пен бірлестігі арасынан денешынықтыру мүшәімдері «Толығай» спорттық жарыстар сыныптар арасында өткізді.

Қазан айында кітапхана меңгерушісі Г.Байысбай мен «Абай диалогы» үйірмесінің жетекшісі Ш.Бостанова «Дүниеге келер әлі талай Қасым, олар да бұл қасымды бір байқасын» тақырыбында Қ.Аманжолоқтың туылғанына орай жыр мұшайрасы өткізсе, қараша айында Г.Байысбай «Оқуға құштар мектеп» тақырыбында пікірталас, «Қазіргі заманға сәй адам болу дегеніміз не?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Қыңтар айында «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық-қамқорлық акциясы болып өтті. Бала болашағына алаңдайтын мейірімді азаматтардың игілісті істерінің арқасында қамқор, көмекке мұқтаж отбасы балаларының жүректеріне жылулық, жүздеріне шаттық ұялатты.

2. Рухани – адамгершілік тәрбиесі.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбымен бастау алды. Білім күні мерекесіне орай өскелең ұрпақтың бойына адалдық, парасаттылық, әділдік және сенім құндылықтарын қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып аралығында «Адалдық саяхаты» өтілді. Құқықбұлушылықтың алдын алу бойынша бұйрық бекітіліп, іс-шара жоспары жасалынды. «Қауіпсіз балалық тақ!» Білім күніне байланысты ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Шебер жас техниктер» республикалық интернет-байқауға үйірме жетекші К.Абулованың ұйымдастыруымен Темірхан Айқоркем, Борахан Кәусар, Борахан Мөлдір «Сертификатпен» марапатталды. Мектеп лигасын жүзеге асыру мақсатында мектепте «Өзін-өзі басқару» және дебат клубы құрылып жұмыс жасауда.

«Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында 9-11 сынып ұл балаларының арасында «Торантық аурухана» өндірістік кооперативтің мамандарымен жиналыс ұйымдастырылды. «Жаракаттанудың алдын-алу» тақырыбында 9-11 сынып арасында «Торантық аурухана» өндірістік кооперативтің мамандарымен жиналыс ұйымдастырылды. «Тіс саулығы-денсаулық кепілі» тақырыбында 2-4 сынып арасында ауыз қуысы тазалығы мақсатында «Торантық аурухана» өндірістік кооперативтің мамандарымен жиналыс ұйымдастырылды.

1.«Жалпы тазалық» тақырыбында 5-8 сынып аралығында семинар-тренинг ұйымдастырылды.

«Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-нің ұйымдастырумен «Менің сүйікті кейіпкерім» атты тақырыпта фетр матадан кітапша жасау байқауына үйірме жетекшісі К.Абулованың дайындығымен 7 Ә сынып оқушысы Тұңғышбай Мерей қатысып, ұстазы да оқушы да «Алғыс хатпен» марапатталды.

2022-2023 оқу жылында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Ерікті мектеп клубының мүшелері сайланып,

іс-шара жоспары жасалынып, жетекшісі А.Бөртенке міндеттелген. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында, ата-ананың баланың алдындағы мақсаты мен міндеті туралы қала әкімінің кеңесшісі Сарымбетова Гүлнар Бектайқызымен 9-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. 19-21 қыркүйек аралығында «Жасөспірім» іс-шарасы аясында кешкі рейд ұйымдастырылды. 19-21 қыркүйек аралығында «Жасөспірім» іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын сауық мекемелерінде болуына жол бермеу» мақсатында мұғалімдер арасында кезекшілік ұйымдастырылып, рейдтер жүргізілді.

Арыс қаласы жергілікті полиция қызметі басқармасының "Жасөспірім" іс-шаралар жоспарында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын құқықбұзушылықтардың, әлімжеттіліктің, жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол салу, қылмыс, кибербуллинг алдын-алу бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында "Жол картасын" жасап мектеп инспекторы Н.Әбжан, директордың тәрбие орынбасары С.Рахимбаев 8-11 ер балалар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

3. Ұлттық тәрбие.

Оқушылардың мектеп өмірінің қалыптасқан дағдылары мен дәстүрлі мерекелерін сақтау және жалғастыруға үйрету, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын көрме, жарыстар ұйымдастыру, қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар түзіліп өткізілді. Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімдерін ояту, мемлекеттік тілді, ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеу дағдыларын оқып-тастыру үшін «Ата-заңым ардағым», «Менің елім-Қазақстан», «Мақтанышым -рәміздерім», «Ел айбыны-Рәміздер», «Ел ныпандары-елімнің мақтанышы», «Отан деп соққан жүрекпен» т.б. тәрбие сағаттары мен «Тілге құрмет-елге құрмет» тілдердің үштұтырамығын дамыту мақсатында іс-шаралар мен байқаулар мен «Тілдер апталығы» өткізілді. «Әр елдің өз елтіңбасы, заңы, салты, мәдениеті бар» тақырыбында пікірталас, ҚР Президентінің халыққа Жолдауымен таныстыру, ҚР рәміздерінің мәнін түсіндіру жұмыстары, КТІЖБ инспекторларымен кездесулер, құқықтық оқытулар ұйымдастырылды.

Интеллектуалды мәдениетті құндылықтарды әсемділікке ұластыру арқылы, жеке басының көркем мәдениетін адамдар бойына өалыптастыру, өмірдегі әрбір бала өзі қалаған өнер түрін таңдауда еркіндікке мүмкіндік беру мақсатында «Өлең –сөздің патшасы» тақырыбы мәнерлеп оқудан сайын , «Сөз мерген» сайыс , «Әлемнің жеті кереметі» танымдық сабақ, «Мың бір мақал , жүз бір жұмбақ» сайыс, «Қош бол,сүйікті әліппе» ертеңгілік, тілдер мерекесіне орай «Тіл –барлық білімінің кілті» интеллектуальді сайыс, «Ғалам шар ғажалары» танымдық сабақ, қалалық «Spring Stars» фестиваліне қатысу , «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтармыз!» , «XXI ғасыр көңбасшысы» интеллектуальді сайыстар, Жаңа жыл, Әл-Наурыз мейрамы, Бастауышпен қоштасу ертеңгіліктер, КВН ойындары ұйымдастырылып өткізілді.

4. Отбасы тәрбиесі .

Оқушы бойыншығы көршаған ортамен рухани құндылықтар негізінде қарым қатынас орнату қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жыл бойына жоспар түзіліп бекітілді. Оқушыларды ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрып негізінде тәрбиелеу, оқушылардың қысым мен даулы жағдайларда өзіне қажетті әлеуметтік-психологиялық қорғану тәсілдері туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, «Имандылық – ел бірлігінің негізі» « «Жүрек мейірімі», «Үлкенге-ізет, кішіге - құрмет» т.б ашық тәрбие сааты, сыни-ойлау қабілеттерін дамытатын логикалық тренинг ойындары мен «Әрқашан күн сөнбесін», «Бояулар сөйлейді» тақырыбында суретшілер байқауын өткізілді.

Арыс қаласы жергілікті полиция қызметі басқармасының "Жасөспірім" іс-шаралар жоспарында қамелетке толмағандарға қатысты жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын-алу мақсатында тәрбие орынбасарлары бірлесе отырып, 8-11 ер балалар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізді.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Өмірдегі, өнердегі сұлулық пен сұрықсыздықты сезіне, түсіне, әділетті бағалай білетін, ұлттық салт дәстүрлерді жалғастырушы, өз ұлтын құрметтей білетін тұлғаны қалыптастыру, әдептілік-рухани құндылықтарды әсемдікке ұластыру арқылы, жеке басының көркем мәдениетін оқушы бойына қалыптастыру, өнер мәдениетінің ұлы қайраткерлері жасаған рухани байлықты бойына сіңіру мақсатында «Алтын күз», «Гүлдер мерекесі», «Қолаң шаш», «Сүйкімді қыз», «Көктем аруы»,« Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сайыстары, «Айгөлек», «Арай», «Қоңыраулы қошқын», «Екі жұлдыз», «Танылмаған таланттар» т.б ән-би байқаулары, даталы күндерге орай мерекелер атап айтар болсақ М.Мақпашевтың туған күні, «С.Қожановтың туылған күні», «Қалдырған інің мәңгілік» ұстаз, ақын П.Үсенбаевтың , мектебіміздің мұғалімі «Ұстаз, ақын Ә.С.Жунисов 62 жаста» тақырыбында кездесулері өткізілді. «Азамат болу

парызы», «Сен болашақ анасың», «Кітап-адамның досы, ақылшысы», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Халқымның мәдениеті мен салт дәстүрлері», «Үздік жүргізуші» байқаулары өткізілді.

6. Қоғамдағы мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Оқушылардың өзіне қызмет ету іс-әрекетіне деген дағдысы мен қоғамға пайда келтіру, еңбек мәдениетінің дамуына ықпал ету, әрбір тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту, еңбек ету қабілетін ашу мақсатында мектебімізде «Әсем сөз», «Шебер қолдар», «Жас шебер», «Ментальді арифметика», «Өлкетану» үйірмелері жұмыс іткарды. Онда оқушыларды шығармашылыққа баулу, шыңдау, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында жүргізілді. Мектебімізде «Ел таза сынып» , «Гүлденген сынып» сайыстары, «Мектеп менің екінші үйім» тазалық күндерін, «Алтын күз», «Боқулар сөйлейді», «Қыз еркем -кестесімен көркем» т.б. байқаулары өткізілді. «Еңбек зейнеті неде?», «Өнерлінің өрісі кең» , «Отбасымдағы менің міндетім» т.б. тәрбие сағаттары «Мамандығым -мақтанышым» кездесулер, пікірталастар, «Балаңыз болашақта қандай маман өсі болады?» ата-аналар жиналысы өткізілді.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Баланы қорғау-сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бастық одақтың жұмысын ұйымдастыру, отбасы мен мектепте ата-аналардың тәрбие ісіне араласу белсенділігін барынша дамыту, оқушылардың оқу-тәрбие жұмысына қолдау көрсету, мектептегі барлық іс-шараларға ат салысу мақсатында ата-аналар комитетінің төрайым, төрағасын сайлаудан басталды, өмірдің уақытына қиян кезеңдеріне кезіккен отбасыларға көмек көрсету мақсатында демеушілер табу жұмыстары жүргізілді.ҚР Президентінің 2013жылғы 1наурыздағы №3827 Жарлығына орай белгіленген «Отбасы күні» атап өткізілді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада», «Оқушының бос уақыты», «Отбасыммен мақтанам», «Менің жанұям», « мен және менің отбасым» т.б тәрбие сағаттары мен «Бақытты жанұя-бақытты ел» тақырыбында шығарма сайысы, «Менің бақытты жанұям» суретшілер байқауы,«Өнерлі отбасы» сыныптан тыс жұмыстар мен «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» пікірталастар мен ата-аналар қатысқан «Толағай» спорттық сайыстар өткізілді. Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауларын ата-аналарға таныстыру мақсатында жиналыстар өткізіліп отырды.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Салауатты өмір салты дағдылары мен дене тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру, өзінің денсаулығы үшін жауапкершілігін қалыптастыру және денсаулыққа зиянды заттарды қолданудан бас тарту мақсатында «Салауатты өмір салтын сақтау- болашақты жақтау» ұранымен оқу жылын басталды. «Денсаулықты сақтау-баршаның міндеті» тренинг сабақтар, «Сауықтырудың

дәстүрден тыс әдістертері» тақырыбында пікірсайыс, «Зиянды әдеттерден аулақ бол», «Дені сау ұрпақ- жарқын болашақ» «Сауатты өмір сүру дегеніміз не?», «Жас ерекшелік гигиенасы», «Ауыз қуысының тазалығы», «Заман толбасын, ұрпақ азбасын», «Нашакорлық-жазылмас дерт», «Спорт – өмір көркі», «Темекі және оның адам денсаулығына тигізетін әсері» т.б тәрбие сағаттары мен жоспарға сәйкес түрлі спорттық жарыстар, жылына екі рет «Жастар сауатты өмірді қолдайды!» айдарымен акция өткізілді. Жоғары сынып оқушыларынан «Сіз ЖҚТБ туралы не білесіз?» сауалнама алынды. Қараша айының 28-29 жұлдызы күндері «1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне» іс-шаралар жасалынып өткізілді.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру

Оқушылардың өзіне қызмет ету іс-әрекетіне деген дағдысы мен қоғамға пайда келтіру мақсатында еңбек ету қабілеттерін қалыптастыру. Әрбір тұлғаның жеке шығармашылық қабілетін дамыту. Қазіргі ғылыми біліммен байытуға қалыптастыру, өзін-өзі тану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру, ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту мақсатында «Халқымыздың ырымдары мен тыйымдары» пікірсайыс, «Алтын күз», «Жайдарман» КТК (КВН), түрлі ән байқаулары, мақал-мәтелдерден сайыс, «Құқықтық тәрбиенің маңыздылығы» дебат, «Әдебиет сүйер қауым» кеш, «Ғарышқа жол», «Бес нәрседен қыпшақ бол, бес нәрсеге асық бол» т.б тәрбие сағаттары өткізілді.

Қорынан ортада адам өз орнын терең түсінуі, табиғатқа деген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру, табиғатты қорғау дағдыларын, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу қабілетін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар түзіліп жоспары жасалған. Апат айтар болсақ «Жасыл ел» бағдарламасы аясында «Сырдария-Түркістан өңірлік табиғи сыйбағы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сырдария филиалының директоры И.Досжанов пен мектебіміз «Мектеп орманшылығын» құру үшін 3 жылдық мерзімге келісім шартқа отырды. Оның міндеттері мектеп орманшылығына мемлекеттік орман қорынан учаскок бекітіп беруді, күзде мектепті керекті көшеттермен қамтамасыз етуді міндетіне алып отыр. Біздің оқушылар «Жасыл желек» үйірмесінің жетекшісі Ж.Есімханова мектеп орманшылығының аңшылық жөніндегі нәжкері Ж. Ботпаевпен бірлесіп мемлекеттік орман қорына барып саяхаттап келді. Онда олар ағаш және бұта тұқымдарын жинау, ағаш отырғызу және ағаш тұқымын себу, тұқымдарды, егілген ағаштарды күту жұмыстарымен танысып қайтты. Сынып жетекшілер «Табиғатты қорғау азаматтық парыз», «Табиғаттың көзі-тіршіліктің көзі», «Экологиялық қауіп қатер», «Жұстар біздің досымыз», «Қандай дүниеде біз өмір сүріп келеміз?», «Экологиялық білім мен тәрбиенің тиімді жолдары» т.б тәрбие сағаттары мен «Қаламызды жасыл қалаға айналдырайық» ұранымен қалалық іс-шараларға қатыссақ, «Мектеп менің екінші үйім» айдарымен апта сайын сенбіліктер өткізін тұрдық. «Табиғат әлемі балалар көзімен» қалалық байқаудан мектебіміз жүлделі ІІ орын алды.